

Аудандық қоғамдық кеңес отырысының
№3 хаттамасы

Қордай ауылы

19 ақпан 2026 жыл
сағат 10:00

Өткен жері: Қордай «Amanat» мәжіліс залы

Қатысқандар: Н.Молдабеков - Қоғамдық кеңес төрағасы, аудандық Қоғамдық кеңестің барлық кеңес мүшелерінің қатысқаны – 9

Қатыспағандар: 4 (Агибаева К,-денсаулығына байланысты,) Агибаев Е- себепті

Шақырылғандар: **1. Аудан әкімдігінің бас инспектор-кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия хатшысы- Почуева Алина Александровна;**
2. Аудандық ішкі істер бөлімінің басшысының орынбасары – С.Әмірбеков, ювеналды полиция- Басова Настя;
3. Қарасай ауылдық округінің бас маманы – Оксана Уткина;
Аудандық білім басқармасы – Қалдарбеков Асхат Қасымұлы;
4.БАҚ өкілдері.

Күн тәртібі:

- 1. Бала қауіпсіздігі, кәмелетке толмағандардың істері, жастар мен жас өспірімдер және олардың құқықтарын қорғау бойынша ішкі істер бөліміндегі кәмелетке толмаған жастар мен жас - өспірімдер ісі жөніндегі инспекторлардың және аудан әкімдігінің бас инспектор-кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия хатшысының жұмыстарын зерделеу қорытындысы;**
- 2. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңына сәйкес 2025-2026 жылдары Қарасай ауылдық округінің атқарылған жұмыстары туралы және округ әкімдігімен көрсетілген мемлекеттік қызметі бойынша зерделеу қорытындысы;**
- 3.Әр түрлі мәселелер.**

Төрағалық етуші: Молдабеков Н.С.- Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы

Кеңес төрағасы Н.Молдабеков былай деді: Күн тәртібінің 1-ші мәселесі бойынша **«Бала қауіпсіздігі, кәмелетке толмағандардың істері, жастар мен жас өспірімдер және олардың құқықтарын қорғау бойынша ішкі істер бөліміндегі кәмелетке толмаған жастар мен жас - өспірімдер ісі жөніндегі инспекторлардың және аудан әкімдігінің бас инспектор-кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия хатшысының жұмыстарын зерделеу қорытындысын** «Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері» жөніндегі комиссия мүшесі **Орақбай Жанабай** баяндайды.

Жанабай О: Қоғамдық кеңестің 2026 жылға арналған жылдық жоспарына сәйкес Қордай ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия хатшысының, сондай-ақ Қордай аудандық полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі жауапты қызметкерлерінің **2025 жылдың 12 айында** атқарған жұмыстары зерделенді.

«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң)9 бабына сәйкес кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар(бұдан әрі - Комиссия) өз құзыреті шегінде кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу, кәмелетке толмағандарды зорлық-зомбылықтан және қатыгездікпен қараудан, кәмелетке толмағандар арасындағы қоғамға жат әрекеттерден қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады.

Мәліметке сәйкес бүгінгі таңда ауданда 48 орта мектеп және 4 колледж орналасқан, жалпы баласы 28422, олардың ішінде оқушы саны 27058, студент саны 1364, білім алуда.

Комиссия тарапынан 28 отырыс өткізілген, оның ішінде **5** кеңейтілген отырыс аудан прокуратурасы өкілдерінің қатысуымен және **3** көшпелі отырыс білім беру ұйымдарында ұйымдастырылған. Отырыстар барысында **87** мәселе қаралып, полиция органдарының материалдары, суицид және суицидке ұмтылу деректері, сондай-ақ профилактикалық жұмыстардың нәтижелері талқыланған.

Қордай ауданы прокуратурасының бастамасымен құқықбұзушылықтың алдын алу және жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мобильді топ жетекшілері бекітіліп, 2025 жылға арналған аутодеструктивті мінез-құлықтың, қадағалаусыз қалудың және кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстардың алдын алу бойынша бірлескен өзара іс-қимыл алгоритмдері қабылданып, жауапты мекемелерге жолданған.

Зерделеу барысында кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта көшеде және ойын-сауық орындарында болуын, сондай-ақ алкогольдік және темекі өнімдерінің сатылуын анықтау мақсатында **405 рейдтік іс-шара** өткізілгені анықталды, оның ішінде **156-сы** мектептер мен колледждерде. Рейдтер нәтижесінде **1139** кәмелетке толмаған полицияға жеткізіліп, **1054** заңды өкіл әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Жыл басынан комиссия мүшелері, прокуратура және уәкілетті органдармен бірлесіп **14 жедел профилактикалық іс-шара** ұйымдастырылған. Сонымен қатар, аудан аумағында құқықтық мәдениетті қалыптастыру және құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында **22** форум өткізілген.

Жастар ресурстық орталығы, білім беру ұйымдары және денсаулық сақтау мекемелері тарапынан жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың, интернет-алаяқтықтың, ойынқұмарлықтың, ерте жүктіліктің және девиантты мінез-құлықтың алдын алу бағытында түсіндіру және профилактикалық жұмыстар жүргізілген.

Зерделеу нәтижесінде тәуекел тобындағы **58** отбасының, сондай-ақ әлеуметтік осал санаттағы **2032** оқушының әлеуметтік карталары жасакталғаны анықталды. «Қиын» санаттағы **6** жасөспірімге психологиялық қолдау көрсетілген.

Кәмелетке толмағандардың істері бойынша есепте **34 жасөспірім** тіркеліп, жыл басынан **40 жасөспірім есепке қойылған**, жайсыз отбасылар тізімінде **31** тұлға енгізілген. Сонымен қатар, **8 ата-ана ата-аналық құқықтарынан шектелген** (айырылған).

Есепті кезеңде өз-өзіне қол жұмсаудың **2** дерегі, суицидке ұмтылудың **2** фактісі тіркелген. Аудандық орталық ауруханада **24 жүкті жасөспірім есепке** алынған.

Заңының 6-бабының 1-бөлігіне сәйкес кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу жүйесіне жергілікті атқарушы органдар кіреді.

Облыс және аудан прокуратурасы тарапынан аталған бағытта жергілікті атқарушы органдардың (жауапты қызметкерлердің) профилактикалық жұмыстарының тиімсіздігі аталып, заңдылықтың бұзылуын жою туралы бірнеше ұсынулары түскен.

Нәтижесінде, ұсынулар аудан әкімдігімен қаралып, ауыл әкімдері (*Масанчи, Сортөбе, Қаракемер, Сұлутөр а.о әкімдері*) мен олардың осы саладағы жауапты қызметкерлері тәртіптік жазаға тартылған.

Сонымен қатар, Қордай аудандық полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар істері жөніндегі тобының (ювеналдық полиция) 2025 жылдың 12 айында атқарылған жұмыстары зерделенді.

«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10 бабына сәйкес ішкі істер органдары профилактикалық шараларды қабылдайды және де бірқатар функцияларды өз күзіреті шегінде жүзеге асырады.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес 2024 жылы кәмелетке толмағандарға қатысты 21 қылмыс тіркелсе, 2025 жылы 23 қылмыс орын алған. Оның ішінде сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері **160%** (5-тен 13-ке), өзіне қол жұмсау фактілері **33,3%** (3-тен 4-ке) өскен.

Есепті кезеңде жасөспірімдердің қатысуымен **3 қылмыс фактісі** тіркелген (2024 жылы – 2).

1-қылмыстық іс: №24/291, ҚР ҚК-нің 188-бабы 3-бөлігі.

Анықтама: 2024 жылғы 26 шілдеде Қордай АПБ-не Қордай ауылы, Манас көшесі 19/2 үйдің тұрғыны, 27.04.1997 жылы туған М.Г. Жұман арызбен жүгінді. Оның айтуынша, 2024 жылғы 26 шілдеде қараған түні белгісіз тұлға Қордай ауылы, Жібек жолы және Төле би көшелерінің қиылысында орналасқан дүкеніне күш қолдану арқылы кіріп, ұялы телефон аксессуарларын жасырын түрде ұрлаған.

Тергеп-тексеру барысында күдікті ретінде кәмелетке толмаған, 10.11.2009 жылы туған Дидар Мырзаұлы Жалғасбай анықталып, қылмыстық іс шешім қабылдау үшін сотқа жолданған.

2-қылмыстық іс: №25/198 және №25/201, ҚР ҚК-нің 293-бабы 2-бөлігі.

Анықтама: 2025 жылғы 21 мамырда сағат 22:00 шамасында Масаншы ауылы, Мәңгілік Ел көшесінде орналасқан «Абидин» дүкенінің маңында Қаракемер ауылындағы Әбіл Нәсібаев атындағы №14 орта мектеп пен Масаншы ауылындағы Ж.Аймауытов атындағы №13 орта мектеп оқушылары арасында жанжал туындаған.

Тергеп-тексеру барысында күдікті ретінде кәмелетке толмағандар – 2011 жылы туған Н.Досжан, 2008 жылы туған Н.Нүсуп, 2009 жылы туған С.Бәзіл және 2010 жылы туған А.Сур анықталып, қылмыстық іс сотқа жолданған.

2025 жылдың 12 айында кәмелетке толмағандарға қатысты 23 қылмыс тіркеліп, өткен жылмен салыстырғанда 35,3%-ға артқан (2024 жылы – 17). Оның ішінде жыныстық тиіспеушілікке қарсы 14 қылмыс тіркеліп, 133,3%-ға өскен (2024 жылы – 6).

Аталған қылмыстардың ішінде:

- А. Джетписбаеваға қатысты – 4 дерек;
- С. Амантайға қатысты – 2 дерек;
- Д. Садыковаға қатысты – 3 дерек;
- Ж. Уркинбаеваға қатысты – 2 дерек;
- А. Султановаға қатысты – 1 дерек;
- А. Рахманбергенге қатысты – 1 дерек;
- А. Уалханға қатысты – 1 дерек;
- Масаншы ауылындағы бұзақылық деректері – 3 дерек.

Жасөспірімдерге қатысты жасалған қылмыстардың санаттары:

- ҚР ҚК-нің 120-бабы 3-1, 3-2-бөліктері, 4-тармағы – 4 дерек (С. Амантай, Д. Садыкова – 3);
- ҚР ҚК-нің 124-бабы 2, 3-бөліктері – 4 дерек (А. Джетписбаева, Ж. Османова, Э. Киргизбаева, А. Султанова);
- ҚР ҚК-нің 121-бабы 4-бөлігі – 4 дерек (А. Джетписбаева, А. Рахманберген, А. Султанова, Ж. Джалдыбай);
- ҚР ҚК-нің 122-бабы 1-бөлігі – 2 дерек (А. Уалхан, Ж. Уркинбаева);
- ҚР ҚК-нің 106-бабы 2-бөлігі – 1 дерек (Е. Худайберген);
- ҚР ҚК-нің 293-бабы 2-бөлігі – 3 дерек (Х. Лилиров, Н. Досжан, А. Сур, Р. Тұрсыналы);
- ҚР ҚК-нің 345-бабы 2, 3-бөліктері – 3 дерек (М. Самат, Н. Рахат, А. Чешанло);
- ҚР ҚК-нің 105-бабы 3-бөлігі – 1 дерек (Д. Жылқыбай);
- ҚР ҚК-нің 140-бабы 3-бөлігі – 1 дерек (Д. Арефьева).

«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10 бабына сәйкес ішкі істер органдары өз құзіреті шегінде бірқатар міндеттер қойылған.

Есепті кезеңінде кәмелетке толмағандар немесе олардың қатысуымен жасалған құқықбұзушылықтар бойынша аудандық полиция бөлімімен әкімшілік құқықбұзушылық жасағаны үшін 2092 хаттама толтырылған.

Кәмелетке толмағандарға қатысты құқықбұзушылықтардың негізгі бөліктері: ұсақ бұзақылық 69(2024 ж.-35), жасөспірімдердің түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуына жол бергені үшін 14(2024 ж. - 7), он сегіз жасқа толмаған адамдардың қоғамдық орындарда масаң күйде келуі, сол сияқты олардың алкогольдік ішімдіктерді ішуі 3(2024 ж. – 1)т.б.

Статистикалық деректерге сәйкес көп жағдайда кәмелетке толмағандар құқықбұзушылықтарды кешкі уақытта (18.00-ден 24.00-ге дейін) жасайды, ал ең төмен көрсеткіш түнгі және таңғы уақытқа (00.00–06.00 және 06.00–12.00) тиесілі.

Сонымен қатар, айта кететін жайт құқықбұзушылық жасаған кәмелетке толмағандардың басым бөлігі оқу орындарының оқушылары болып табылады.

Оған дәлел, аудан прокуратурасының 25.12.2025 жылғы № 2-0705-25-01612 заңдылықтың бұзылуын жою туралы ұсынуында көрсетілген құқықбұзушылық деректері мектеп оқушыларымен жасалынған.

Бұл өз кезегінде ювеналды полиция және мектеп әкімшілігі, педагог-психологтар тарапынан профилактика бағыты бойынша кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстардың алдын алу бағытында жұмыстардың тиісті деңгейде атқарылмауы немесе назарында болмағандығын көрсетеді деп пайымдауға болады.

Өздеріңіз білесіздер аталған заңсыздықтарға жол берілу нәтижесінде кәмелетке толмағандар арасында топтық төбелес, жыныстық тиіспеушілігіне қатысты зорлық-зомбылық сипатындағы іс-әрекеттердің орын алғаны анықталды.

Құқық бұзушылық профилактикасы аясында ювеналды полиция қызметкерлері тарапынан жұмыстар тұрақты жүргізілуде. Алайда, бұл бағыттағы жұмыстарды қатаң бақылауға алып, құқық бұзушылықтар деңгейін төмендетуге бағытталған шараларды жоғары деңгейде атқару қажет деп санаймыз, деп сөзін аяқтады.

Молдабеков Н.С. Баяндама аяқталды, Сұрақтарыңыз бар ма? Жоқ.

Осы мәселе бойынша аудан әкімдігінің жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия хатшысы **Почуева Алина Александровна** мен аудандық ішкі істер бөлімінің басшысы орынбасары **С.Әмірбеков** сұрақтарға жауап береді деді.

Почуева А.А. - аудан әкімдігінің жанындағы кәметке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия хатшысы былай деді. Аудандағы осы мәселе бойынша аталған кемшіліктерді растаймын. Өткен жылдың қорытындысы аудандық кәметке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясындағы қаралды және қаралып та жатыр. Осы мәселелер бойынша аудандық комиссия және аудандық білім бөлімі, аудандық аурухана және ата-ана комитеттері нақты жұмыстар атқарады.

Молдабеков Н.С.: Аудан әкімдігінің жанындағы кәметке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының мүшесі ретінде бұл мәселелер тұрақты бақылауда екенін айтты.

Жаманкозев Б.Т.: Қайнар ауылындағы өзіне өзі қол салған мәселе бойынша не дейсіз деп аудан әкімдігінің жанындағы кәметке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия хатшысы Почуева А.А. сұрақ қойды.

Почуева А.А.: Бұл жөнінде ішкі істер бөлімінде қылмыстық іс қозғалды, кәметке толмаған жасөспірім Қырғызстан азаматы деді.

Аудандық білім басқармасының бас маманы – Қалдарбеков Асхат Қасымұлы өз сөзінде былай деді, жасөспірім Қырғызстан азаматы, анасы кафеде жұмыс болғанда, түнгі сағат 24:00 де өзіне қол жұмасаған, әкесі қасында болмаған. Әкесі Қырғызстанда болғанда және анасы жұмыста болғанда осы оқиға орын алған. Мектеп тарапынан бірқатар жұмыстар атқарылған, мектептің психологы мектепте 4 рет сауалнама алынған.

Жаманкозев Б.Т.: Осындай мәселер орын алғанда бірінші мектеп директорларын, тәрбие завуч, мұғалімдерді кінәлап жұмыстан шығарып немесе қатаң сөгіс беріп жатады, мектеп уақытында болмаған жағдайда ата-аналары жауапқа тартылуы қажет емеспе?

Аудандық ішкі істер бөлімінің басшысының орынбасары – С.Әмірбеков былай деді: Бұл оқушы нерезидент болып тіркелген, түнгі сағат 24:00 анасы хабарласты, әкесі болмаған, Қырғызстанның шекарасынан Қазақстанға өте алмаған. Мектеп психологының бақылауында болған. Тәуекел тобына алынбаған.

Почуева А.А.: Сарыбұлақ ауылының әкімдігінің айтуынша тәртіпті отбасы екені расталған және бұл мәселе аудандық комиссияда қаралды.

Жаманкозев Б.Т. Барлық жақтары анықталмай жатып, мектепті кінәлаудың қажеті жоқ, мектеп директорының және мектептегі мұғалімдердің де отбасылары бар емеспе және кадр тапшылығын тұдырады, осыған назар аударуымыз қажет- деді, ата- аналарының жауапкершілігін қарау керек.

Әмірбеков С.: Екінші жағы религия жағы болып тұр, тексеріліп жатыр.

Қалдарбеков А.: Былтыр аудан бойынша 6 психолог жоқ болса, биыл 13 мектепте психолог тапшы.

Әмірбеков С.: Қылмыс Кодексін 200 бабына сәйкес экспертиза алғаннан кейін қылмыстық іс қозғалады, және шешім шығарылады, ал 1 ай кәлемінде аудандық білім басқармасы қылмыстық іс қозғалғанда ғана өздерінің шешімін шығарса болады.

Қалдарбеков А.: аудандық ІІ бөлімі екі аптаның ішінде шешімді аудандық білім басқармасынан талап етеді.

Молдабеков Н.С.: Үлгере алмадық дегенше, білім басқармасында заң қызметкерлері бар, консультация алуға болады ғой, біздер қоғамды, мемлекетімізді сақтауымыз қажет деп сөзін тұжырымдады.

Осы мәселе бойынша сұрақтарыңыз бар ма, жоқ. Олай болса осы мәселе бойынша қолдарыңызда шешім жобасы бар, алып, қосып алатындарыңыз бар ма? Жоқ.

Шешім қабылданды.

Қазақстан Республикасы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабының 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық кеңестің қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссиясының мүшесі Ж.Орақбай анықтамасы назарға алынсын.

2. Қордай ауданы әкімдігінің жанындағы кәметке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия хатшысы А. Почуеваға, аудандық ішкі істер бөлімінің басшысы Б. Үдәргеновке:

1) Ювеналды полиция, Комиссия, білім беру ұйымдары және ауылдық округі әкімдерімен бірлесіп ересектердің еріп жүруінсіз қоғамдық орындарда жүрген кәметке толмағандарды анықтау, алкоголь мен темекі тұтыну ықтималдығы жоғары орындарда рейдтер жүргізу;

2) ІІО есебінде тұрған жасөспірімдермен және «тәуекел тобындағы» отбасылармен профилактикалық жұмыстарды тұрақты жүргізу;

3) Толық емес отбасыларда, өгей ата-анамен тұратын немесе зорлық-зомбылық қаупі бар отбасыларды анықтау және олармен профилактикалық жұмыстарды жүргізу;

4) Ата-аналар жиналыстары мен мессенджерлер арқылы балалардың құқықтық жауапкершілігі, бос уақытты бақылау қажеттілігі туралы нақты мысалдар келтіре отырып түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

5) Буллинг, топтық жанжалдар, суық қаруды қолдану, интернет-алаяқтық, ұрлық және бұзақылықтың алдын алу бойынша әлеуметтік желілерде профилактикалық мақалалар жариялау.

6) Қабылданған шаралар туралы ақпаратты Қордай аудандық Қоғамдық кеңесіне ағымдағы жылдың 1-ші сәуіріне берілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қоғамдық кеңестің Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссиясына жүктелсін (төрағасы Б.Жамангозов).

Молдабеков Н.С.: Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша мәселесі «Қазақстан Республикасындағы әсергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңына сәйкес 2025-2026 жылдары Қарасай ауылдық округінің атқарылған жұмыстары туралы және округ әкімдігімен көрсетілген мемлекеттік қызметі» бойынша зерделеу қорытындысы бойынша «Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері» жөніндегі комиссия төрайымы Алматаева Айнура Тұрлыбекқызы баяндайды.

Алматаева А.: Аудандық Қоғамдық кеңестің 2065 жылға арналған жоспарына сәйкес, ағымдағы жылдың ақпан айында Қарасай ауылдық округіндегі атқарылып жатқан жұмыстарға қоғамдық кеңес мүшелері тарапынан зерделеу жұмыстары жүргізіліп, төмендегілер анықталды:

Ауылдық округ әкімі – Алтымбеков Максат Бакытбекұлы 2025 жылдың желтоқсан айынан бастап, желтоқсан айына дейін Елемесова Құлжахан Алмасовна

Құрылған мерзімі – 1961 жылы

Аумағы – 24 049,6 га

Қордай ауылынан арақашықтығы – 110 шк

2026 жылдың 1 - ақпан халық саны – 3 342

Елді мекен саны – 2

Жердің экспликациясы, га

Жалпы жер көлемі	Ауыл шаруашылық алқабы	
24 049,88 Қарасай – 18 504,64 Еңбек – 5 545,24	Егістік	2 623 Қарасай – 1 728 Еңбек – 895
	Жайылым	15 816,3 Қарасай – 11 166,3 Еңбек – 4 650

Р/с	Ауылдық округ	Аула саны	Халық саны
1	Қарасай батыр	666	2 436
2	Еңбек	196	906
	Барлығы	862	3 342

Балалар саны	Жастар саны		Зейнеткерлер саны	Белсенді халық саны
0 ден 14 жас	15 тен 17 жас	18 ден 25 жас		
840	218	407	642	1 235

Ауылдық округ тұрғындарының ұлттық құрамы

Р/с	Ұлттар	Саны (адам)	Пайызы
1	Қазақ	2 834	81,7 %
2	Орыс	138	5,32 %
3	Ұйғырлар	8	0,22 %
4	Украин	4	0,13 %
5	Неміс	2	0,1 %
6	Өзірбайжан	46	1,72 %
7	Татар	9	0,36 %

8	Түрік	137	4,05 %
9	Қырғыз	121	3,47 %
10	Өзбек	9	0,34 %
11	Өзге ұлттар	34	0,85 %
Барлығы		3 342	100 %

**Қарасай ауылдық округі бойынша сандық
көрсеткіштер**

1	Мектеп саны	3
2	Мұғалімдер саны	132
3	Оқушылар саны	650
4	Бала-бақша саны, о.і. мемлекеттік жеке меншік	3 1 2
5	Бала-бақшада тәрбиеленушілер саны	150
6	Денсаулық сақтау нысаны	2
7	Дәрігерлер саны	13
8	Спортнысаны	1
9	Спорт саласының қызметкерлерінің саны	18
10	Мәдениет нысаны	2
11	Мәдениет үйі	1
12	Ауыл клубы	1
13	Мәдениет саласының қызметкерлерінің саны	23
13	Шаруа қожалықтар саны, о.і. - егін шаруашылығы - мал шаруашылығы	97 90 7
14	Жеке кәсіпкерлер саны/ жұмыс істейтін адам	212
15	ЖШС/ жұмыс істейтін адам	2/34
	Оның ішінде: сауда/ жұмыс істейтін адам басқа да/ жұмыс істейтін адам	2/2 31/31
16	Дүкен саны/ жұмыс істейтін адам	10/7
17	Кафе, тойхана/ жұмыс істейтін адам	1/1
20	Мешіт саны	2
21	Ауылшаруашылық техника саны, о.і.:	46
	Комбайн:	2
	Трактор:	7
	басқа да техникадағы барлығы	18
	оның ішінде: ГАЗ – 53: ЗИЛ: КАМАЗ: ГАЗЕЛ:	10 2 3 4
22	Жұмыссыздар саны	4
23	Мүгедектер саны о.і.:	64
	1-топ:	6
	2-топ:	21
	3-топ:	33
	18 жасқа дейінгі мүгедек балалар саны:	4
24	Атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны отбасы	6
25	Мал басы саны	19 784 Қарасай – 13 850 Еңбек – 5 934
	МІҚ	3 252 Қарасай – 2 277 Еңбек – 975
	Қой мен ешкі	11 170

		Қарасай – 7 819 Еңбек – 3 351
	Жылқы	2 493 Қарасай – 1 739 Еңбек – 754
	Құс	2 878 Қарасай – 2 015 Еңбек – 863
26	Ауыл ішілік жолдардың ұзындығы, шк	16 шк
	оның ішінде: Қатты жабындықпен	16 шк
27	Орталықтандырылған сумен пайдаланатын аула саны	100%
28	Табиғи газбен қамтылған аула саны	Қарасай а. - 260 аула Еңбек а. - 156 аула
	Жалпы аула санынан табиғи газбен қамтылған аула саны, АЕМ бойынша, %	40%
29	Жолды жарықтандыру, АЕМ бойынша %	Қарасай батыр а. Ж.Сұраубаев көшесі 10% Еңбек а. Кәумен батыр көшесі 25%

Қарасай ауылдық округінде істер номенклатурасы бекітілген. Номенклатураға сәйкес жұмыс папкілері мен журналдары ашылған. Барлық қызметкерлердің лауазымдық міндеттері бекітілген.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес әкімдік тарапынан 5 мемлекеттік қызмет түрі көрсетіледі:

2025 жылдың 12 айында Қарасай ауылдық округі әкімінің аппаратына ақпараттық жүйе арқылы жалпы 8 өтініш түскен. Оның ішінде: 5 өтінішке оң шешім, 1 өтінішке бас тартылған, 2 өтініш өтініш иесімен кері қайтарылған. Зерделеу барысында заңбұзушылықтар деректері анықталмады.

2025 жылы атқарылған «Жасыл белдеу», «Таза Қазақстан» көгалдандыру бағдарламасының атқарылуын зерделегенде қатты қалдықтар полигоны, отырғызылған ағаштардың күтімі, орындалған күтімі көңіл толарлықтай.

Ауыз су мәселесі шешімін екі ауылды мекенге де тапқан. Арық суы туралы тұрғындардың өздері өз күштерімен тоғандарын жөндеп қажеттіліктерін шешіп отыр.

2025 жылы 57 млн теңгеге ғимараттар мен аула құрылымдары сапалы күрделі және ағымдағы жөндеулерден өткізілген. Оның ішінде 27 млн теңгеге әкімшілік ғимаратына жөндеу жұмыстары жүргізілген, ал үнемделген қаржыға әкімшілік ауласындағы құрылымдар жөнделген.

Бюджет бойынша 2025 жылы Қарасай батыр ауыл округінің жергілікті салық өндіру жоспары барлық бес салық түрі бойынша толық атқарылған және тиісті мақсаттарға жергілікті қоғамдастықтың шешіміне сәйкес мақсатты түрде жұмсалған.

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 32 бабына сәйкес еңбек шартын жасау үшін қажетті құжаттар тізімі бекітілген, аталған ауыл округі мамандарының жеке іс құжаттарында тек жеке куәліктің көшірмесі, медициналық анықтама және өтініш пен жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі тігілген. Басқа ешбір құжат жоқ. Сонымен қатар, мамандардың еңбек кітапшалары толтырылмаған. Жұмыскерлердің материалдық жауаптылығы туралы келісім-шарт құрылмаған. Мамандарды жұмысқа қабылдау туралы бұйрық дұрыс рәсімделмеген. Бұйрықты шығаруға өтініш емес, тараптар қол қойған еңбек шарты негіз болып табылады.

2025 жылдың 3 ақпанында сол кезгі ауыл округінің әкімі Елемесова К. кезекті демалысқа шығады. Әкімнің міндетін атқарушы болып бас маман Құдайбергенов Арман тағайындалады. 14.02.2025 жылы аудан әкімінің бұйрығымен Елемесова К. демалыстан қайта шақыртылып жұмысқа шығады. Сол арада, 2025 жылдың 16 ақпаны мен 21 ақпан аралығында және 10-14 наурыз аралығында Тараз қаласында оқуда болады. Бірақ қалған күндері ауыл округінің әкімі жұмыста бола тұра, әкімнің міндетін атқарушысы Арман Құдайбергенов 2025 жылдың 14 ақпанында, 6 наурызда өз атынан бұйрықтар шығарып, қол қойған.

Ауыл округі әкімдігінде ақсақалдар, әйелдер кеңесі, билер алқасы, жастар ұйымы құрылған. Құрамдар саны, атқарылған істері жөнінде іс қағаздары ұқыпты жүргізілген. Жергілікті қоғамдастық дұрыс жолға қойылған. 2025 жылы 6 отырыс өткізіліп, хаттамалары тігілген.

Қарасай ауылдық округінде мүмкіндігі шектеулі азаматтардың саны 64, оның ішінде

1-топ:	6
2-топ:	21
3-топ:	33
18 жасқа дейінгі мүгедек балалар саны:	4

Қордай ауданы бойынша «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» атты «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасының 84,85 тармақтарын орындау аясында аудан әкімі орынбасарының бекітілген тізіміне сәйкес 2021 жылы Қарасай ауылдық округінің ғимаратында 100 пайыз бейімдеу жұмыстары жүргізілген делінген, бірақ зерделеу барысында мүгедектердің автокөлігіне арналған автотұрақ жоқ екендігі және көзі нашар көретін зағип жандар үшін тактильді жол тек ғимарат сыртында орнатылған және оның тозығы жетіп үгітіліп жатқандығы анықталды. Құлағы нашар еститін немесе естімейтін мүгедектер үшін дыбыстық қондырғы жоқ. Браиль қарпімен жазылған мекеме атауы жоқ. Ғимарат ішінде тактильді жол жоқ, қабырғаларда тұтқалар орнатылмаған. Сонымен қатар, ғимарат ішінде мүгедектерге арналған санторап жоқ.

Мүгедектерге қолайлы жағдай жасай алмасак, олардың күнделікті өмірінде кездесетін қиындықтардың шешімі табылмайды. Олардың қоғамға араласып, қажетті нысандарға емін-еркін кіріп шығуына қолайлы жағдай жасау әрбір мекеме, ұжым басшыларының басты міндеті. Сондықтан қолайлы орта жасау жұмыстарына барша мекемелер жұмыла кірісуі қажет деп ойлаймын.

Баяндама аяқталды, Сұрақтарыңыз бар ма? Жок.

Молдабеков Н.С: Олай болса осы анықтамадағы кемшіліктер бойынша Қарасай ауылдық округінің бас маманы Уткина Оксана жауап береді.

Уткина О : Анықтамадағы кемшіліктер дұрыс көрсетілген. Алдағы уақытта кемшіліктерді болдырмауға тырысамыз.

Молдабеков Н.С: Сұрақтарыңыз барма О.Уткинаға, жоқ. Олай болса алдарыңызда шешім жобасы бар, шешім жобасына қарсы, қалыс бар ма?, Жок.

Олай болса шешім қабылданды.

Қазақстан Республикасы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабының 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қарасай ауылдық округінің әкімі Алтымбековтың есебі назарға алынсын;
2. Қарасай ауылдық округінің әкімі М.Алтымбековке:
 - ауыл округінің әлеуметтік- экономикалық дамуы басты назарда болуы ұсынылсын;
 - ауылды абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды тұрақты ұйымдастырылсын;
 - жастармен жұмысты жандандыру, олармен әскери-патриоттық жұмыстарды күшейту, олардың бойында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қасиеттерді орнықтыру мақсатында іс-шаралар жүргізілсін;
 - Қызметкерлердің жеке іс құжаттарын Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 32 бабына сәйкестендірсін;
 - Материалды жауапты мамандар мен ауылдық округ әкімі арасында материалдық жауаптылық туралы келісім-шарт құрылуын қадағаласын;
 - Ауыл округі әкімі өз құзіреті шегінде шығаратын нормативті құқықтық актілер (өкімдер, шешімдер т.б.) Заң талаптарына сәйкес рәсімделсін;
 - Мүгедектерге қолайлы орта құрылып, ғимараттың бейімделуіне ықпал етілсін;
 - «Е-лицензия» ақпараттық жүйесі арқылы ұсынылған мемлекеттік қызмет көрсетуде жіберілген кемшіліктерді алдағы уақытта болдырмауды қадағаласын және тиісті папкілер мен журналдарды талапқа сай сәйкестендіруді қадағалау ұсынылсын;
 - осы шешімнің орындалуы барысы туралы ақпарат үстіміздегі жылдың 1-ші сәуіріне берілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау «Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі» комиссиясына жүктелсін (төрайымы – А.Алматаева).

Молдабеков Н.С.: Әр түрлі мәселелер бойынша наурыз айында зерделеу жұмыстары: 1. «*Ауыл шаруашылық жұмыстары бойынша көктемгі егіс-дала жұмыстарына дайындық барысы, қуанышылыққа байланысты алдын алу үшін дайындық шаралары, суармалы судың тапшылығы туралы*» - Аграрлық саясат, табиғатты және жер ресурстарын пайдалану, техногендік үрдістер, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі комиссия **Еркін Әбілдаевқа** тапсырылады.


2. «*2025 жылғы аудандық бюджеттің орындалуы туралы*» - «Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері» жөніндегі комиссия төрайымы **Алматаева Айнура Тұрлыбекқызына** тапсырылады.

Кеңес отырысы өз жұмысын күн тәртібіне сәйкес мәселелерді толығымен қарап, өз жұмысын аяқтады.

Аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы:

 **Н.Молдабеков**

Аудандық Қоғамдық кеңестің хатшысы:

 **Р.Имашева**